




Автор: Маханалина Багдагул Разакбергеновна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Адам жанының құпиясы
Тақырып: Фабит Мүсірепов «Ұлпан» романы

Оқу мақсаттары	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау.
Сабақ мақсаттары	Фабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы автор бейнесінің идеялық рөлін талдау
Бағалау критерийлері	Шығармадағы автор бейнесін анықтайды; Автор бейнесінің идеялық рөлін талдайды.
Тілдік мақсаттар	<p>Әдеби сөз қолданыстар: аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлы қоғам қайраткері, Кенесары мен Есеней, кедейлік, тіл мәселесі, еліктеушілік, орыс мәдениеті, т.б</p> <p>Пән лексикасы және терминология: көксеу мен құрмет, мәңгіліктің мәңгілік мәселесі, елеусіз кірген дерт, жан мен жүректің ізгілігі</p> <p>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: Шыңғыс-Кенесары-Есеней, Ұлпан бейнесі, қоғам, т.б</p>

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	<p>«Граффити» миға шабуылы.</p> <p>Сыныптың қабырғаларына «Жан сұлулығы», «Өз өмірін сақтау», «Мен үшін ең асыл қазына» т.б. қатысты мәселелер, формулалар, көңіл аударуға арналған сөйлемдер немесе ойланатын идеялар үлкен флипчарттарға жазылады. Оқушылар қабырғада ілінген флипчарттың жанына орналасады. Флипчарттардағы тақырып немесе проблемалар барлық топтарға бірдей немесе әр топта екі түрлі болуы мүмкін. Оқушыларға ойлануға және өздерінің ойларын флипчарттарға жазуға екі минут уақыт беріледі. Содан кейін төмендегі тапсырмаларды ретімен орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none">- белгіленген уақыт аяқталғанда жұмыстарын тоқтатып, келесі флипчартқа қарай бару;- келесі флипчартқа олар өздерінің тақырып немесе проблема бойынша ойларын жазу;- барлық топтар әрбір параққа өз үлестерін қосқанша жоғарыда айтылған үдерісті жалғастыру; соңында сынып оқушылары бір-бірлерінің үлесіне шолу жасау.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p><u>Мағынаны тану:</u> Роман мазмұнына анализ жүргізу, талдау үшін бағыттаушы, ой қозғаушы тапсырма мәтіндер ұсынылады.</p> <p>1-топ. Тапсырма. Автор бейнесін анықтау Қаламгердің көп ізденіс, үлкен дайындықпен келген образы – Ұлпанбейнесі ("Ұлпан" романы, 1974), ол – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, оқшау тұрған әдеби образ. Өзінің бар ерекшелігімен, көркемдік бітімімен, эстетикалық әсер-күшінің молдығымен көрінетін Ұлпан бейнесін жасауға жазушы өмір бойы іштей дайындалып, көп ізденіп, толғанғаны байқалады. Ол күнделігінде: "Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі, тағысын тағы." деп жазды. Шығармадағы Ұлпан мен Есеней ойдан шығарылған образдар емес, тарихта болған адамдар.</p> <p>Тапсырма: Үзіндіні оқып, Ұлпан мен Есеней бейнесін жазушы қалай суреттеді. Шығармадан тауып, бірнеше суреттеуін ұсыныңыздар. Сөзбен сурет салуды дәлелдеңіздер.</p> <p>Дескрипторы: -Есеней бейнесін анықтайды; -Автордың суреттеулерін табады; -Сөзбен сурет салуды дәлелдейді.</p> <p>2-топ. Зерттеу. Автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы рөлін анықтау Әйел, ана, арулар тақырыбына арналған Ғабит Мүсірепов шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі де, көрнектісі де «Ұлпан» романы. Өзінің бар ерекшелігімен, көркемдік бітімімен, эстетикалық әсер-күшінің молдығымен романда көрінетін Ұлпан тек қана жазушының өз шығармашылығы емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі оқшау тұрған әдеби бейне. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік-тарихи өмірін терең зерттей келіп, жазушы тарихи фактілерді, шын өмірде болған оқиғаларды, адамдарды шығармасына негіз етіп алған. Ұлпан өмірінің хикаясын шерте отырып, автордың сол тұстағы бүкіл халық, қоғам өмірінің айқын суреттерін жасағаны мәлім.</p> <p>-Қосымша тапсырма Үзіндіні оқып, Есеней мен Ұлпан образын ашуда автор мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін, салт-дәстүрдің қандай түрлерін қолданды. Шығарма тілін талдаңыз. Шығарма: мада шешендік сөздер, мақал-мәтелдердің қолданылу мәнін түсіндіріңіз.</p> <p>3-топ. Тапсырма. Қолдану. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік-тарихи өмірін терең зерттей келіп, жазушы тарихи фактілерді, шын өмірде болған оқиғаларды, адамдарды шығармасына негіз етіп алған. Ұлпан өмірінің хикаясын шерте отырып, автордың сол тұстағы бүкіл халық, қоғам өмірінің айқын суреттерін жасағаны мәлім. Әрине романдағы басты кейіпкер – Ұлпан. Әрзаманда, әр халықта өмірдің айрықша құбылысы болып жарқ ете түсетін төтенше дарынды, жарқын тұлғалар болатыны аян. Ұлпан өткен ғасырдағы қазақ топырағында пайда болған сондай ғажайып құбылыс еді. Жазушы ел өміріндегі тарихи фактіні ала отырып, өзінің суреткерлік қарымымен халық дарынының, ақыл-ойының типтік көрінісіндей адам характерін үлкен зергерлікпен сомдап берді.</p> <p>-Жағдаяттық тапсырма. Любовь Анатолийқызы Дорожкинаның «Өз өміріңді сүй» зерттеу мақаласынан үзіндіні Ұлпанның тағдырымен байланыстыра талдап, өз пікіріңді ортаға сал және бақытты өмір сүру жолдарын ұсын. <i>«Өмірден безген адамдар психикалық дерттермен ауырып, эмоционалдық қиындықтардан, жабығудан күйзеледі де келер уақытқа үмітсіздікпен қарайды.»</i></p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Рефлексия: 1. Оқушылар сабақтың тақырыбына (Ұлттық байлық) қатысты 3-5 минуттық TED әңгімелерін (talks) жеке немесе топтарда дайындайды. Егер топтарда дайындалса, топтарда бір спикер сайланады (спикерлер әрдайым ауысып отырса оқушылардың барлығын оқумен қамтуға мүмкіндігіңіз туады).</p> <p>Мұғалімге ескерту: Оқушыларға 5 минуттық сөз дайындауға беретін тақырыбыңыздың өзектілігіне мән беріңіз, себебі, тақырып оқушыларды креативті ойлауға жетелесе, шығармашылыққа итермелесе сәтті болады.</p> <p>Кері байланыс «3-2-1» әдісі</p> <p>image not found or type unknown</p>  <p>1. Сабақтан алған 3 маңызды ақпарат 2. Қиындық тудырған 2 аспект 3. Сабақ барысында туындаған 1 сұрақ</p>	